

# КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ өзгерістердің АЙҚЫН 10 көрінісі

	Қолданыстағы редакция	ЖАҢА редакция
6-бап 3-т.	3. Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар <del>мемлекет мемшігінде болады.</del>	3. Жер және оның қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар <b>ХАЛЫҚА ТИЕСІЛІ.</b> Халық атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады.
15-бап 2-т.	2. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қилюға хақысы жоқ. <del>Өлім жазасы заңмен белгіленеді</del>	2. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қилюға хақысы жоқ. <b>ӨЛІМ ЖАЗАСЫНА ТҮЙЫМ САЛЫНАДЫ.</b>
43-бап	<b>Қолданыстағы редакцияда мұндағы талаптар жоқ</b>	3. Қазақстан Республикасының ПРЕЗИДЕНТІ өз өкілеттігін жүзеге асыру кезеңінде <b>САЯСИ ПАРТИЯДА БОЛМАУҒА ТИС.</b> 4. Қазақстан Республикасы ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАҚЫН ТУЫСТАРЫНЫҢ саяси мемлекеттік қызметшілер, квазимемлекеттік сектор субъектілері басшылары <b>ЛАУАЗЫМДАРЫН АТҚАРУҒА ҚҰҚЫҒЫ ЖОҚ.</b>
46-бап 4-т.	4. <del>Қазақстанның Тұңғыш Президентінің мәртебесі мен өкілеттігі Республика Конституциясымен және конституциялық заңмен айқындалады.</del>	4. <b>АЛЫНЫП ТАСТАЛСЫН</b>
50-бап 3-т.	3. Мажіліс конституциялық заңда белгіленген тәртіппен сайланатын <b>107</b> депутаттан тұрады.	3. Мажіліс конституциялық заңда белгіленген тәртіппен аралас сайлау жүйесі бойынша: біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша бара-бар өкілдік жүйесі бойынша, сондай-ақ <b>БІР МАНДАТТЫ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГТЕРІ БОЙЫНША САЙЛАНАТЫН 98 ДЕПУТАТТАН ТҰРАДЫ.</b>

	Қолданыстағы редакция	ЖАҢА редакция
VI бөлім	Конституциялық кеңес	Конституциялық СОТ
72-бап	Қолданыстағы редакцияда мұндағы мүмкіндіктер жоқ	3. КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТ АЗАМАТТАРДЫҢ ӨТІНІШТЕРІ бойынша Конституцияда бекітілген, олардың құқықтары мен бостандықтарын тікелей қозғайтын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Республика Конституциясына сәйкестігін қарайды.
83-1-бап ЖАҢА	Қолданыстағы редакцияда мұндағы институт жоқ	1. Қазақстан Республикасындағы АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруге жәрдемдеседі, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын ілгерілетуге ықпал етеді.
87-бап 4, 5-т.	4. Облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін қызметке тиісінше облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттарының келісімімен Республика Президенті тағайындалды.	Облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін қызметке тиісінше облыс аумағында орналасқан мәслихаттар депутаттарының немесе респубикалық маңызы бар қалалар мен астана мәслихаттары депутаттарының келісімімен Республика Президенті тағайындалды. Республика Президенті ДАУЫС БЕРУ ӨТКІЗЛЕТІН КЕМІНДЕ ЕКІ КАНДИДАТУРА ҰСЫНАДЫ. Дауыс беруге қатысқан мәслихаттар депутаттарының көп дауысын алған кандидат келісім алған болып есептеледі.
91-бап 2-т.	2. Конституцияда белгіленген мемлекеттің тәуелсіздігі, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұастығы, оны басқару нысаны, <del>сөндай-ақ тәуелсіз Қазақстанның Негізін салушы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Елбасы іргесін қалаған Республика қызметінің түбекейлі принциптері және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Елбасының мәртебесі</del> өзгермейді.	2. Конституцияда белгіленген мемлекеттің тәуелсіздігі, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұастығы, оны басқару нысаны, Республика қызметінің түбекейлі принциптері өзгеріссіз болып табылады.  <i>Осылайша, Елбасы және Тұңғыш Президент мәртебесі жаңа редакцияда толық алынып тасталады</i>